Оңтүстік Қазақстан облысы
Қазығұрт ауданы
«Айболған» бөбекжәй балабақшасы

«Бекітемін»
«Айболған» бөбекжәй
балабақшасының меңгерушісі
______________ Естауова Б.
«_____»_____________2018 ж.

# *Музыка оқу қызметіне арналған*

# Жылдық жоспар

Музыка жетекшісі: Жумашова Н.К.

2017-2018 оқу жылы



Оңтүстік Қазақстан облысы

Қазығұрт ауданы ,«Айболған» бөбекжай балабақшасы

«Бекітемін»
«Айболған» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
______________ Естауова Б.
« » ______________ 2018 г.

# *Музыка оқу қызметіне ұйымдастырылған үлгі кестесі*

| **Апта күндері** | **Топ атаулары** | **Уақыты** |
|---|---|---|
| Сәрсенбі | «Балауса» ортаңғы тобы<br>«Музарт» ересектер тобы | 10.00 -10.20<br>10.30-11.00 |
| Жұма | «Балауса» ортаңғы тобы<br>«Музарт» ересектер тобы | 10.00 -10.20<br>10.30-11.00 |

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы:

| | |
|---|---|
| Ортаңғы тобы | 15-20мин |
| Ересектер тобы | 25-30 мин |

Әдіскер:
Музыка жетекшісі: Жумашова Н.К.

2018-2019 оқу жылы



**Ересек тобының музыка оқу қызметінің перспективті жылдық жоспары**

| Р/с | Тақырып | Айы | Сағат саны | Бағдарламалық мазмұны | Ұсынылатын материал |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Білімің-бұлағым | ҚЫРКҮЙЕК | 2 | Балалардың муыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру, адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу. Халық әуенін орындай отырып, қимылды ойын ойнауды, жұптаса би қимылдарын жасауға дағдыландыру. | Алғашқы білім күні туралы суреттер. |
| 2 | Нота үйренейік | | 2 | Балаларға музыка жайында мағлұмат беру. Музыка дыбыстарының атымен таныстыру. Музыка әлеміне саяхат жасау. Нота туралы түсініктерді ұғына отырып, ойнау дағдыларын қалыптастыру. | Бес сызық, бес сызыққа орналасқан нота суреттері. |
| 3 | Көңілді ырғақтар | | 2 | Ән арқылы балалардың бойында адамгершілік, инабаттылық сезімдерін ояту. Би музыкаларын ажыратуға үйрету. Вальс, полька, қамажай туралы ұғымдарды түсіндіру. | Бақытты балалардың бейнелері салынған суреттер. |
| 4 | Біздің аспаптар | | 2 | Ән, музыка арқылы күз көріністерін сезіне білуге, күз құбылыстарын ажырата білуге үйрету. Музыкаға ілесіп, ырғақпен аспапта ойнау дағдыларын қалыптастыру. | Күздің суреті, ерте күз бен қоңыр күздің суреттері, асатаяқ. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 9 | Сүйікті қалам Алматы | ҚАРАША | 2 | Музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажырата білуге дағдыландыру. Мерекелік көңіл күй сыйлауға дағдыландыру. Дидактикалық үлестірмелі текшелерді пайдалануды,аспаптарды тыңдауды, даусын ажырата білуді үйрету. | Нұрғиса Тілендиевтің портреті, Алатаудың көрінісін бейнелейтін сурет және үлестірмелі текшелер, асатаяқтар. Үнтаспа, диск. |
| 10 | Гүлдене бер, Астана | | 2 | Музыка ырғағын сезіну, түрлі сипаттарды ажырата білу, музыканың динамикалық және қарқындық өзгерістерін сеіну. Әнді көңілді ынталы орындауға төселдіру. Музыкамен би қимылдарын жасауды, қол буындарын қимылдатуды, би үлгілерін қайталап көрсетуді меңгерту. | Дидактикалық үлестірмелі дөңгелектер. |
| 11 | Жомарт өлкем | | 2 | Музыканы тыңдап, сезініп, сипатын ажырату, динамикасын білу. Туған жеріне деген сүйіспеншілігін дамыту. Ноталарды сызықтарға дұрыс орналастыруды үйрету . | Ноталар, нота сызықтары. |
| 12 | Біздің рәміздер | | 2 | Музыканы тыңдап, әнді айту арқылы патриоттық сезімін ояту. Музыкамен аттың шабысын, батырлардың қимылын жасату. Муыка ырғағына сай жалаушалармен қимылдар көрсетуге талпындыру. | Елтаңба, ту суреттері иллюстрация түрінде. |
| 13 | Қысқы орманда | ЖЕЛТО ҚСАН | 2 | Әуен сазынан қыс көріністерін естіп-білуге, оны қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге баулу. Қысқы орман туралы түсінік беру.П.И. Чайковскийдің «Желтоқсан» | Шырша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | шығармасы мен Қ. Шілдебаевтің «Жаңа жыл» әнін сипаттап, айырмашылықтарын анықтау. | |
| 14 | Егеменді елім | | 2 | Музыкадағы бейнелерді ажыратуға, әннің сергек сипатын қимылмен бере білуге үйрету. Тәуелсіздік туралы түсінікті жаткіу. Музыканың басталуын, аяқталуын анықтап, уақытында тоқтауға баулу. | Елтаңба, ту, гүлдер, жалауша. |
| 15 | Орманда серуендейміз | | 2 | Музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақтың мәнерлілігін түсініп, ажырату. Әннің ырғағын сақтау. П.И. Чайковскийдің «Қаңтар» атты шығармасымен танысып, оны сипаттау. Жаттығуда глиссандо жасап үйрету. | Ұлпалар, қыраулар. |
| 16 | Қысқы әуен сыңғырлайды | | 1 | Музыкаға қызығушулуғын арттыру,Музыка шығармашылығының сипатын ажырата білу, эмоциясын ояту. Қыстағы әуеннің сыңғыры туралы түсінік беру. «Марш» және «полька» ырғақтарын жаттатып, бір-бірінен ажырата білуге баулу. | Текшелер, аққала. |
| 17 | Қыс қызығы | ҚАҢТАР | 2 | Әуен сазына ілесе қыс көріністерін қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге баулу, әнді әсерлі етіп айтуға үйрету. Әр аңға тән музыканы ажыратуға, тани білуге баулу. | Қыс туралы суреттер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 18 | Аңдардың айтысы | | 2 | Әннің динамикалық реңкін жеткізіп орындауға, музыкаға сәйкес әр жануардың қимыл-қозғалысын келтіре білуге үйрету. Ойынға қызығушылықпен қатырсып, белсенділікке тарту. | Түлкінің, аюдың, кірпінің маскалары. |
| 19 | «Бауырсақ» ертегісі» | | 2 | Балаларды ертегіні түсіне отырып, кейіпкерді сомдауға үйрету. Рөлде ойнау дағдыларын қалыптастырып, музыка арқылы сомдауды үйрету. | «Бауырсақ» ертегісінің кейіпкерлерінің атрибуттары. |
| 20 | Айнала ақша қар | | 2 | Музыка арқылы табиғат құбылыстарын сезінуге үйрету. Табиғатқа әсерлену қызығушылығын арттыру. Сретке қарап, өз сөздерімен әңгіме құрастырып үйрету. | Қыс көріністері салынған суреттер. |
| 21 | Бесік жыры | АҚПАН | 2 | Лирикалық сипаттағы әндерді орташа екпінмен, күш түсірмей әндете айтуға баулу және тембрін, динамикасын қабылдап сезінуге, таныс шығармалар ырғағын сезіне, музыкалық аспаптармен ансамбльде ойнауға дағдыландыру. Би қимылдарын мәнерлеп орындауды үйрету. | Бесік, қуыршақ, сылдырмақ, қоғырау, тұяқтас, металлофон. |
| 22 | Менің туыстарым | | 2 | Музыкалық шығарманы тыңдап, қабылдауға, айырмашылықтарын ажыратуға үйрету. Әуенге әсерлену, ырғақтық, динамикалық есту қабілеттерін дамыту.Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке, үлкен-кішіге деген сыйластыққа баулу. | Отбасындағы туыстар бейнеленген суреттер, алтыбақан, үшбұрыш, қоңырау, металлофон, бубен аспаптары. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 23 | Ақ әжем | | 2 | Музыкалық сипаттағы сабырлы әуенді, ән мазмұнындағы көңіл күйді сезінуге талпындыру. Музыкадағы дыбыс биіктігін, ырғақты мінерлілігін түсініп, ажыратуға үйрету. Ұлттық ою-өрнекті бейнелейтін қимылдарын үйретіп, еске сақтауға дағдыландыру. | «Әдемі сырмақ», «Әже мен немересі», «Менің әжем» суреттері. Ұлттық ішекті аспаптар, үрмелі аспаптар (сазсырнай, шаңқобыз, сыбызғы). |
| 24 | Ана-өмір шырағы | | 2 | Музыкалық шығармаларды салыстыруда талғампаздыққа баулу. Музыканың көмегі арқылы көңіл күйді сезініп, әңгімелей білуге, мимика түрінде көрсете алуға үйрету. Әртүрлі сипаттағы әуенді қимылмен көрсетуге, би қимылдарын есте сақтауға дағдыландыру. Музыкалық қабілеттерін, шығармашылықтарын дамытуды жалғастыру. | Атақты суретшілердің шығармаларынан ана суреттері, гүлдер, қоңырау, үшбұрыш, металлофон аспаптары. |
| 25 | Домбыра сазы | НАУРЫЗ | 2 | Музыкалық аспапқа деген қызығушылығын арттыру. Әнді сергек, жігерлі орындауға талпындыру. Жеңіл музыка әуенімен би қимылдарын жасату. Қазақтың музыкалық аспабы туралы аңыздар, тақпақтар айту. | Қазақтың ұлттық аспабы-домбыра. |
| 26 | Көктем әндері | | 2 | Музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын білу. Көктемгі құстардың сайрағанын музыкада ажырата білу. Табиғат өзгерістерін атап, суретке қарап әңгімелеуге баулу. | Көктемгі көріністер, қараторғай суреттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 27 | Наурыз-жыл басы | | 2 | Ұлттық рәсім туралы қарапайым түсінік қалыптастырып, сыйластық сезімін тәрбиелеу. Арқан тарту арқылы күш сынасу дағдыларын үйрету. Наурыз мерекесі-күн мен түннің теңелу, табиғаттың жаңару мерекесі екенін түсіндіру. | Наурыз дастарханы, ұлттық тағамдар, арқан. |
| 28 | Қайырлы таң | | 3 | Жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрету. Әнді орындағанда үндесіп, бір-бірін тыңдап айтуға баулу.Түрлі табиғат құбылыстарын аспаптар үнімен жеткізуге болатынын түсіндіру. | Музыкалық аспаптар: асатаяқ, сылдырмақ, тұяқтас. Дина Нұрпейісованың портреті. |
| 29 | Ғарыш әлеміне саяхат | СӘУІР | 2 | Шығармашылық қабілеттерін арттыру. Қимылмен түрлі сипаттағы әуендерді көрсету. Ән айту, есту қабілеттерін әрі қарай дамыту.Классикалық музыкаға қызығушылығын арттыру, түсініп, әңгімелеуге дағдыландыру. | Скафандр атрибуты, құрсаулар. Ғарышты, ғарышкер кемесін бейнелейтін суреттер. Ю. Гагарин, Т. Әубәкіров, Т. Мұсабаев суреттері. |
| 30 | Құстар-біздің досымыз | | 2 | Вокалды және аспапты музыкаға қызығушылығын арттыру.Күйші-Композитор Н. Тілендиев туралы түсінік беру. Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, әсерлі реңктерін ажыратуға баулу. Ойдан би шығару іскерліктерін дамыту. Жұмбақтар шешу арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. Құстарды қорғап, қамқорлыққа алуға тәрбиелеу. | Құстардың суреті, ойыншық құстар, құстар атрибуттары. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 31 | Бақшадағы ән-сауық | | 2 | Музакаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, Қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендік динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту. Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру. | Түрлі түсті шарлармен зал іші безендіріледі.Қуыршақ, ойыншықтар, «Әуенді сағат» дидактикалық ойынының карточкалары. |
| 32 | Ән салып, би билейміз | | 2 | Музыкалық шығармалар сипатын анықтауды жалғастыру, дыбыстың ұзақтығы, биіктігін ажыратуды дамыту. Әнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындауға баулу. | Шертер суреті, композитор Б. Дәлденбайдың суреті, металлофон аспабы, «Етек-етек» ойынына қажетті құралдар. |
| 33 | Музыка әлеміне саяхат | МАМЫР | 1 | Балаларды музыка әлемімен таныстыру арқылы ұлттық мәдениетімізбен, опера және балет жанрымен таныстыру.Музыка әуенін театрда тыңдай білуді, әртістердің әртүрлі рөлдерде қалай ойнайтыны түсіндіру. | Микрофон, Абай атындағы опера және балет театрының әншілері мен бишілерінің суреттері. |
| 34 | Ел қорғауға әзірміз | | 2 | Балалардың патриоттық сезімін ояту, музыканың түрлі сипаттарын ажырата білуге дағдыландыру. Әнді таза айтуға, музыканы сезіне би қимылдарын жасай білуге дағдыландыру.Әскери музыканы тыңдап, жанрларды ажыратуға баулу. | Жеңіс күніне арналған слайд, жалаушалар, мәңгілік алау, гул шоқтары, батырлардың суреттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 35 | Бағдаршам | | 2 | Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену.Ойындарды эмоциясын ояту.Кейіпкерлер рөліне кіріп ойнау.(Көріністі халық әндеріне салып үйрету). | Бағдаршам, жаяулар өткелі,тең жолмен қиылыс, қауіпті бұрылыс, басты жол. Қасқыр, желаяқ, тұлпар, қоян, арыстан атрибуттары |
| 36 | Біз мектепке барамыз | | 2 | Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Музыкадағы ырғақты сезініп би қимылдарын жасату. Мектеп өмірімен таныстыру.Сабаққа деген ынталарын ояту. | Аспаптар, мектеп құралдары. |

**Ортаңғы топтың музыка оқу қызметінің перспективті жылдық жоспары**

| Р/с | Тақырып | Айы | Сағат саны | Бағдарламалық мазмұны | Ұсынылатын материал |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Тату доспыз бәріміз | ҚЫРКҮЙЕК | 2 | Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа шақыру.Көңілді әуенарқылы көңіл күйді көретуге тарту.Әуенге ілесіп ырғақпен қимыл жасау дағдыларын қалыптастыру. | «Менің досым» - балалардың суреттерінен көрме ұйымдастыру. |
| 2 | Балдырғандар әні | | 2 | Балаларды Отанын, жерін сүйюге баулу. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру. Әуенге сай ырғаққа ілесіп би қимылдарын жасауға талпындыру. | Балабақша өмірінен суреттер. |
| 3 | Кел, билейік | | 2 | Ән айта отырып, сол әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру. | Ұлттық көйлекпен билеп жүрген қыздың суреті. |
| 4 | Күз жомарт | ҚАЗАН | 2 | Музыканың динамикалық түрлерін ажырату, әртүрлі жанрлар (марш, полька, вальс) түсініктерімен танысу. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау. | Бейнетаспа, опера үзінділері, үнтаспа, желпуіш. |
| 5 | Күзгі орман | | 2 | Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық тембрлік, динамикалық есту қабілетін дамыту. Әртүрлі жанрлармен таныстыру. Күз туралы әңгімелесу, әңгіме құрастыру. | Қуыршақтар, Аю, Түлкі, Тиін, әже, үстел үсті, ширма, текшелер, бұлтты күн, құбылмалы күн. |
| 6 | Күз байлығы | | 2 | Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету.Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге үйрету. Әнді | «Жеміс бағы» суреті, күз жемістері, қоңыраулар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | суретке қарап есте сақтауға баулу. Сюжеттік рөлдерде ойнауды меңгерту. | |
| 7 | Атамның киіз үйі | ҚАРАША | 2 | Әуенді соңына дейін тыңдауға, тыныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету. Тембрлік есту қабілетін дамыту. Киіз үй туралы түсінік беру, домбыра аспабымен таныстыру, ерекшеліктерін ұғындыру. | Жайлаудың, киіз үйдің суреттері, домбыра аспабы. |
| 8 | Біздің Алматы | | 2 | Әуеннің ырғақ екпінін сеіне білуге, салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру.Әнді көңілді, ашық дауыспен таза орындауға үйрету. Туған жеріне, қаласына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. | «Алматым» атты сурет көрмесі немесе слайд, троллейбус мекеті. |
| 9 | Менің Отаным | | 3 | Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету, музыка сипатына сай жаттығу қимылдарын үйлестіре білуге баулу. Әнді сеіну арқылы Отанды сүюге, қастерлеуге баулу. Алдын ала туған жер, қалалар, ауыл туралы әңгімелесу. | Қалалардың көрнекті жерлерінің, еліміздің сұлу табиғатының көрінісін бейнелейтін суреттер, слайдтар.Түрлі түсті жалаушалар. |
| 10 | Қыс өрнегі | ЖЕЛТОҚСАН | 2 | Әнді сезіммен, нақышына келтіре айтуға, әуенді тыңдап, әңгімелей білуге үйретуді жалғстыру. Таныс шығармаларды ажырата білуге, есте сақтауға дағдыландыру. Балаларға арналған аспаптарды игеруге машықтандыру. | «Қысқы ойындар» суреті, маракас, бубен, барабан, қоңырау аспаптары. |
| 11 | Қазақстан-кең-байтақ елім | | 2 | Әнді тыңдап сезіне білуге, ән мазмұнын әңгімелеп айтуға дағдыландыру. Дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру.Еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. | Қазақстан рәміздерінің суреттері, сәулетті қалалар суреттері немесе слайд, паровоз, пойыз макеттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 12 | Жасыл шырша жанында | | 1 | Шығарманы аяғына дейін тыңдауға, әуенсипатын анықтай білуге баулу. Аспаптарда еркін ойнап, игеруге үйрету. Әуенді ойын әрекеттеріне талпындыру, көтеріңкі көңіл күй сыйлау. | Кішкентай шыршалар, үшбұрыш, металлофон аспаптары, таяқшаға бекітілген жылтырақ әшекейлер, шырша ойыншықтары. |
| 13 | Қысқы әуен | | 1 | Түрлі сипаттағы әндерді орындауға үйрету, шағармашылыққа баулу, би қимылдарын, музыкалық ойын әрекеттерін орындауға дағдыландыру. | Ұлдар санына аю атрибуттары, қыздар санына сәйкес қоян атрибуттары, ойыншық Аяз ата, кішкентай шырша, шығыршықтар. |
| 14 | Ақтөс пен Марғау | ҚАҢТАР | 2 | Музыканы тыңдауды, музыканың көңілді-көңілсіз , жуан-жіңішке түрлерін ажырата білуге баулу.Дауыс ырғағына сай жаттығу жасауды үйрету. Музыкалық шығармаға би ырғақтарын келтіре билеуге талпындыру. | Театр сахнасы, қуыршақтар. |
| 15 | Әуенді сиқырлы ормандағы құртақандар | | 2 | Музыканы есту қабілетін дамыту, әнді орындаушылық қабілетін ояту, әуенді сезіну, ырғақты ажырата білуге баулу. Музыка әуені сай билеуді, ырғақпен шапалақ қағуды, аяқ топылдатуды меігерту. | Жұмсақ ойыншықтар, қуыршақ құртақан, музыкалық аспаптар: үшбұрыш, бубен, маракас, металлофон, сандықша, үлкен қар, кішкентай шырша. |
| 16 | Қыс қызығы | | 2 | Музыканы тыңдап, ырғақты сезінуге баулу, әнді мәнерлеп айтуға, дауыс ырғақтарын жаттығу арқылы дамытуға жетелеу. Текшемен жұмыс жасауды үйрету. | Ұрмалы аспаптар: бубен, маракас, үшбұрыш, қыс көрінісі бейнеленген сурет. |
| 17 | Біздің атай | АҚПАН | 2 | Күн көзінің жылуындай ө бойларындағы жылуды әнмен жеткізе білуге үйрету, әнді ынтамен айтуға баулу.Ата туралы, үй жануары жылқының төлі құлыншақ туралы | Отбасы мүшелерінің суреті. Атжарыс, көкпар тарту суреті, құлыншақтың суреті. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | түсінік беру. | |
| 18 | Бесік жыры | | 2 | Ата-анасын сыйлай, қастерлей ілуге баулу.Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілігін музыка тілімен жеткізуге үйрету. Бесік жырының әуенін басқа әуендерден ажырата білуге үйрету. | Қуыршақ, қуыршақ төсегі. |
| 19 | Ағайынбыз бәріміз | | 2 | Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажырата білуге үйрету. Үлкен-, салткіші қоңыраулардың даусын ажырата білуді, биге шақыру дағдыларын меңгерту. | Үлкен-кіші қоңыраулар, ақ, сары, қара балалардың қол ұстасып тұрған суреті. |
| 20 | Көктем | НАУРЫЗ | 2 | Балалардың муыкаға деген қызығушылығын арттыру. Музыкалық шығармаларға эмоциялық қатынастарын дамыту. Ойынға белсене қатысуға талпындыру. | Көктем көріністерінің суреттері. |
| 21 | Наурыз | | 2 | Балаларға наурыз мерекесі туралы мәлімет беру, салт-дәстүрмен таныстыру, мерекені музыкамен байланыстыру. Қазақтың би элементерін, әнді жеке және хормен орындау тәсілдерін қалыптастыру. | Наурыз мерекесі бейнеленген суреттер. |
| 22 | Наурызым, армысың! | | 2 | Музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажырата білуге дағдыландыру. Мерекелік көңіл күй сыйлай білуге үйрету.Мереке кезінде төс қағыстырып амандасуды, өкпе наздарды ұмыту керектігін түсіндіру. | Мерекелік дастархан, ұлттық тағамдар бейнеленген суреттер. |
| 23 | Орманға саяхат | СӘУІР | 2 | Музыкалық шығармалардың сезімдік мазмұнын, сипатын ажыратуға үйрету: нәзік, сабырлы,көңілді де ойнақы, көңілсіз. Әнді сезіне айтуға үйрету. Шығарманы тыңдап, ырғаққа сай қимылдар жасауды меңгерту. | Ағаштар, билеп тұрған аюлар, вальс, марш ырғағымен тұрған қасқырлар,көңілді секірген қояндар. Тапсырмасы бар текшелер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 24 | Жайлаудағы төлдер | | 2 | Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету. Ойын арқылы балалардың эмоциясын ояту. Музыка әуенімен ауыспалы адым жасауды үйрету. | Бұзау, қозы, құлыншақ |
| 25 | Құстар дауысы | | 1 | Музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажырату, Әнді мәнерлеп айтқызуға талпындыру. Дидактикалық ойынды текше арқылы ажыратуды үйрету. | Құс пен оның балапанының суреттері. |
| 26 | Әуенді сандықша | МАМЫР | 2 | Музыкаға қызығушулуғын арттыру, түрлі сипаттағы әндерді орындауға үйрету, музыкалық фразалар арасында тыныс алуға, әуенге сәйкес би жанрларынажыратуға баулу. Би қимылдарын ауыстыра білуге, аспаптарда ырғақты сезіне ойнауға үйрету. | Ғажайып сандықша, сылдырмақтар, бубендер,жұмсақ ойыншықтар,қуыршақтар. |
| 27 | Ауылдағы той | | 2 | Әуеннің түрлі бөлімдерін ажырата білуге, дыбыс биіктігі мен тембрін ажыратуға дағдыландыру.Күйді мыңдап, сезіне білуге баулу. Әуенге сай би қимылдарын ауыстыра білуге үйрету. | Ұрмалы музыкалық аспаптар, аттың басы бейнеленген ойыншық таяқша-ат. |
| 28 | Біздің оркестр | | 2 | Шығарманы зейін қойып тыңдауға, аспап дыбыстарын ажырата білуге, ырғақпен ойнай білугедағдыландыру. Оркестр туралы мағлұмат беріп, аспаптарда ойнау тәсілін үйрету, шығармашылыққа баулу. | Оркестр, дирижер суреттеру, ұлттық музыкалық аспаптар. |